



Мультиқазан MD-M25

Қолдану жөніндегі нұсқаулық



Осы бұйымды қолданар алдында, қолдану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқыңыз және анықтама ретінде сақтап қойыңыз. Құрылғыны дұрыс пайдалану оның қызмет көрсету уақытын ұзартады.

Қауіпсіздік шаралары

- Өндіруші техникалық қауіпсіздік талаптарын және пайдалану ережелерін сақтамағаннан туындаған зақымдануларға жауапты емес.
- Осы электраспап тұрмыстық жағдайда ас дайындауға арналған көпфункционалды құрылғы болып табылады және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, қонақ үй нөмірлерінде, дүкендердің тұрмыстық бөлмелерінде, кеңсе немесе басқа да өнеркәсіптік емес мақсаттарда қолданылады. Құрылғы өнеркәсіптік немесе басқа да кез-келген мақсатсыз қолданыс жағдайларда заттың пайдалану шарттары бұзылған болып есептеледі. Өндіруші осындай жағдайлардың салдарынан болған ықтимал зардаптарға жауапты емес.
- Құрылғыны электрқуатына қосарда, кернеу мен аспаптың номиналды кернеу көзімен сәйкестігін тексеріңіз (техникалық сипаттамасын немесе заттың зауыттық кестесін қараңыз).
- Бұйымның тұтыну қуатына сәйкес есептелген ұзартқышты қолданыңыз, – параметрлерінің сәйкес келмеуі қысқа тұйықталуға немесе кабелдің жанып кетуіне алып келуі мүмкін.
- Бұйымды тек қана жерлендірілген тоқ көзіне қосыңыз, – бұл электр тоғының зақымдауынан сақтау үшін міндетті шарт. Ұзартқышты қолданарда оның да жерлендірілгеніне көз жеткізіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жұмыс кезінде аспаптың корпусы, тостағаны және металл бөлшектері қызады! Абай болыңыз! Ас үйге арналған қолғап қолданыңыз. Ыстық буға күйіп қалмас үшін қақпақты ашарда құрылғының үстіне еңкеймеңіз.

- Қолданып болған соң аспапты тоқ көзінен ажыратыңыз, сонымен қатар оны тазалаған кезде және орнын ауыстырған жағдайларда. Тоқ көзінен ажыратқанда сымнан емес, штепсельінен ұстап, құрғақ қолмен суырыңыз.
- Қуат сымын есік ойықтарынан немесе жылу көзіне жақын жерлерге созбаңыз. Қуат сымының айналып және майысып кетпеуін, өткір заттарға және жиһаз жиектерімен, бұрыштарымен жанаспайтынын қадағалаңыз.



ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ: қуат сымының кездейсоқ зақымдануы кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғымен зақымдануға алып келуі мүмкін. Зақымданған қуат сымы қызмет көрсету орталықтарында ауыстырылуы керек.

- Құрылғыны жұмсақ жерге орнатпаңыз, жұмыс уақытында бетін жаппаңыз, ондай жағдайлар құрылғының қызып кетуіне немесе сынуына алып келуі мүмкін.
- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынған – құрылғы корпусының ішкі бетіне ылғалдың немесе бөгде заттардың түсуі ауыр зақымдануларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оның электркөзінен суырылғанын және толықтай суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалағанда нұсқаулықты қатаң орындаңыз.



Аспаптың корпусын суға батыруға және су ағысына қоюға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

- Құрылғы физикалық, жүйке, психикалық ауытқулары бар немесе жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың (балаларды қоса) пайдалануына арналмаған. Мұндай адамдардың құрылғыны пайдалануы олардың қауіпсіздігі үшін жауапты адамның бақылауында, немесе оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы дұрыс және түсінікті нұсқаулар берілген жағдайда ғана мүмкін болады. Балалардың құрылғымен, жинақтаушы құралдармен, зауыттық қаптамасымен ойнауына жол бермеу мақсатында, оларды бақылап жүру қажет. Балалар үлкендердің қарауынсыз құрылғыны тазалау және іске қосуды жүргізбеуі керек.
- Құрылғыны дербес жөндеуге немесе оның құрылысына өзгеріс енгізуге тыйым салынған. Аспапты жөндеуді тек қызмет көрсету орталығының маманы ғана орындауы керек. Кәсіби орындалмаған жөндеу аспаптың сынуына, зақымдануына алып келуі мүмкін.

STOP *Кез-келген ақаулық орын алған жағдайда аспапты қолдануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!*

Техникалық сипаттамалары

Моделі	MD-M25
Қуаты	860 Вт
Кернеу	220-240 В~, 50 Гц
Тостаған көлемі	5 л
Тостаған беті	Ceratax керамикасы, күюге қарсы
Дисплей	жарықдиодты
Бу клапаны	алынбалы

Бағдарламалары

- | | |
|---------------|-----------------|
| 1. МУЛЬТАСПАЗ | 9. БҰҚТЫРУ |
| 2. ЖЕДЕЛ | 10. СОРПА |
| 3. НАН | 11. ЙОГУРТ |
| 4. БУҒА | 12. КҮРІШ/ЖАРМА |
| 5. ҚАЙНАТУ | 13. ПИЦЦА |
| 6. МАКАРОНДАР | 14. СҮТ БОТҚАСЫ |
| 7. ҚҰЫРУ | 15. ПАЛАУ |
| 8. ПІСІРУ | 16. ДЕМДЕУ |

Функциялары

«МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» (бағдарлама барысында температураның және уақыттың өзгеру бағдарламасы)бар

Дайын астың температурасын сақтап тұруы (автожылыту)12 сағатқа дейін

Автожылытуды алдын-ала өшірубар

Тағамдарды қыздыру24 сағатқа дейін

Стартты кейінге қалдыру.....24 сағатқа дейін

Дыбыстық сигналдарды өшіруібар

Жинақтамасы

Мультиқазан	1 дана
Тостаған	1 дана
Буда дайындауға арналған контейнер	1 дана
Ожау	1 дана
Жалпақ қасық	1 дана
Өлшеуіш стакан.....	1 дана
Тостағанға арналған тістеуіктер	1 дана
Кітап	1 дана
Қолдану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Сервистік кітапша	1 дана
Электр көзінің бауысымы.....	1 дана



Өндіруші өз өнімін жетілдіру барысында, өзгерістер жайлы қосымша хабарлаусыз, бұйымның дизайнын, техникалық сипаттамаларын, жинақтамасына өзгертуге құқығы бар.

Мультиқазанның құрылысы **A1**

1. Аспаптың қақпағы
2. Тығыздағыш сақина
3. Алмалы бу клапаны
4. Тостаған
5. Қақпақ ашу батырмасы
6. Тасуға арналған ұстағыш
7. Будың шығуына арналған тесік
8. Дисплеймен басқару панелі
9. Корпусы
10. Жалпақ қасық
11. Шөміш
12. Өлшеуіш шыны
13. Буда дайындауға арналған контейнер
14. Электркөзінің бауы
15. Конденсатты жинауға арналған контейнер

Басқару панелі **A2**

1. Бағдарламаларды автоматты түрде таңдау батырмасы.
2. «Болдырмау/қыздыру» батырмасы – қыздырудың қосу/өшіру функциясы, дайындау бағдарламасының жұмысын тоқтату, қолданушы параметрлерін жою.
3. «Темп.» батырмасы – дайындау температурасын орнату режиміне өту.
4. «Старт» батырмасы – берілген дайындау режимінің қосылуы.
5. «Кейінге қалдыру» батырмасы - стартты кейінге қалдыру режиміне өту.
6. «Уақыт» батырмасы – дайындау уақытын орнату режимі.
7. «-» батырмасы – параметр мәнін азайту.
8. «+» батырмасы – параметр мәнін көбейту.

Дисплейдің құрылысы **A2**

- A. Уақыт мәні индикаторы.
- B. Температура мәнінің, «ЖЕДЕЛ» бағдарламасы жұмысының индикаторы.
- C. Дайындау режимінің индикаторы.
- D. Стартты кейінге қалдыру режимінің индекаторы.
- E. Дыбыстық сигналдарды өшіру индикаторы.
- F. Автожылыту/қыздыру режимінің индикаторы.

I. ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА

Бұйымды және оның құрамдас бөлшектерін қораптан абайлап шығарыңыз. Барлық жарнама жапсырмаларын және орау материалдарын алып тастаңыз.



Ескерту жапсырмаларын, көрсеткіш жапсырмаларын (бар болса) және қорпустағы бұйымның серия нөмірі бар кестені міндетті түрде өз орнында сақтап қойыңыз! Бұйымда серия нөмірінің болмауы Сізді автоматты түрде қызмет көрсету кепілдігі құқығынан айырады.

Тасымалдаудан кейін немесе төмен температурада сақтау кезінде, аспапты қоспас бұрын бөлме температурасында, 2 сағаттан кем емес уақыт ұстау керек.



Құрылғының корпусын ылғал матамен сүртіңіз және тостағанды жуыңыз, сосын кептіріңіз. Аспапты бірінші қолданарда бөтен иістің пайда болуын болдырмау үшін, толық тазалаудан өткізіңіз («Аспапқа күтім көрсету» бөлімін қараңыз).

Бу клапанынан шыққан ыстық бу түсқағаздарға, сәндік жабындарға, электрлік құрылғыларға және де басқа жоғары ылғал мен температураның зардап шегуі мүмкін аспаптар мен материалдарға тимес үшін, аспапты қатты, тегіс әрі көлденең жерге орнатыңыз.

Ас дайындар алдында, мультиқазанның сыртқы және көрінетін ішкі бөлшектерінде ешқандай зақым, сызат және басқа да ақаулары жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Тостаған мен қыздыру элементінің арасында ешқандай бөгде заттар болмауы тиіс.

II. МУЛЬТИҚАЗАНДЫ ПАЙДАЛАНУ

Дыбыс сигналдарын өшіру

1. Аспапты электржелісіне қосыңыз. «Уақыт» батырмасын басыңыз да, ұстап тұрыңыз. Дисплейде температура мәні индекаторының орнына **SOп** жазуы шығады.
2. Дыбыстық сигналды өшіру үшін «+» немесе «-» батырмасын басыңыз. Дисплей бетінде **SOff** жазуы және  индикаторы жанады. Дыбыстық сигналдарды қосу үшін «+» немесе «-» батырмасын басыңыз (дисплей бетінде **SOп** жазуы шығады,  индикаторы өшеді).
3. Панель бетіндегі батырмаларды 5 секунд бойы басып тұрмаңыз. Орнатулары автоматты түрде сақталады.

Дайындау уақытын орнату

MIDEA M25 мультиқазанында «ЖЕДЕЛ» бағдарламасынан басқа, әр бағдарлама үшін дайындау уақытын дербес орнатуға болады. Өзгерту қадамы және орнатуға болатын уақыт ауқымы таңдалған дайындау бағдарламасына байланысты болады.

1. Автоматты бағдарламаны таңдағаннан кейін «Уақыт» батырмасын басыңыз. Уақыт индикаторының сағаттық мәні жыпылықтай бастайды.
2. Параметр мәнін көбейту үшін «+» батырмасын, азайту үшін «-» батырмасын басыңыз.
3. «Уақыт» батырмасын тағы басыңыз да, «+» немесе «-» батырмаларын басу арқылы минут мәнін орнатыңыз.


Сағат пен минут мәндерінің өзгеруі бір-біріне тәуелсіз түрде орындалады. Максималды және минималды параметр мәніне жеткенде, орнату диапазонның басынан басталады. Параметр мәнін лезде өзгерту үшін қажет батырманы басып, ұстап тұрыңыз.




Кейбір автоматты бағдарламаларда орнатылған ас дайындау уақытының санағы аспаптың берілген жұмыс температурасына шыққаннан кейін ғана басталады. Мысалы, егер мұздай су құйып, «БУҒА» бағдарламасында дайындалу уақыты 5 минут орнатсақ, бағдарламаның басталуы және орнатылған ас дайындау уақытының кері санағы тек су қайнағаннан соң және тостағанда жеткілікті тығыз бу жиналғанда ғана басталады.

Бағдарламаның стартын кейінге қалдыру

«Стартты кейінге қалдыру» функциясы уақыт аралығын орнатуға мүмкіндік береді, сол уақыт өткен соң дайындау бағдарламасы жұмысын бастайды. Осылайша, сіз бағдарлама стартын 24 сағатқа дейін кейінге қалдыра аласыз. Стартты кейінге қалдыру уақытын орнату қадамы – 1 мин.

1. Стартты кейінге қалдыру уақытын өзгерту үшін, автоматты бағдарламаны таңдағаннан кейін «Кейінге қалдыру» батырмасын басыңыз. Дисплей бетінде  индикаторы пайда болады, уақыт индикаторында сағат мәні жыпылықтайды.
2. Параметр мәнін көбейту үшін «+» батырмасын, азайту үшін «-» батырмасын басыңыз.
3. «Уақыт» батырмасын басыңыз және «+» немесе «-» батырмаларын басу арқылы минут мәнін орнатыңыз.

Сағат пен минут мәндерінің өзгеруі бір-біріне тәуелсіз түрде орындалады. Параметрдің максималды және минималды мәніне жеткенде, орнату диапазонның басынан басталады. Параметр мәнін лезде өзгерту үшін қажет батырманы басыңыз да, ұстап тұрыңыз.

 *Стартты кейінге қалдыру функциясы барлық автоматтық дайындау бағдарламаларында бар, тек «ҚУЫРУ», «МАКАРОНДАР» және «ЖЕДЕЛ» бағдарламаларында жоқ. Тез бұзылатын азық-түліктерден (жұмыртқа, сүт, ет, ірімшік және басқа) дайындалатын тағам үшін «Стартты кейінге қалдыру» функциясын қолдану ұсынылмайды.*

Дайын тағамдардың температурасын сақтап тұру (автожылыту)

Бұл функция дайындау бағдарламасының жұмысы аяқталған соң автоматты түрде қосылады және дайын тағамның температурасын 12 сағат бойы 70-75 °C-та ұстап тұрады. Қосылып тұрған автожылыту кезінде сәйкес индикатор жанып тұрады, дисплей бетінде осы режимдегі жұмыс уақытының тіке санағы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда автожылытуды «Болдырмау/Қыздыру» батырмасын басып өшіруге болады.

Автожылытуды алдын-ала өшіру

Дайындау бағдарламасының жұмысы аяқталған соң автожылытуды әрқашан қоса беру ұсынылмайды. Осыны ескере отырып, MIDEA M25 мультиказанында дайындау бағдарламасының негізгі жұмысы кезінде осы функцияны алдын-ала өшіру мүмкіндігі қарастырылған. Ол үшін старт уақытында немесе бағдарлама жұмысы кезінде «Старт» батырмасын басыңыз. Автожылытуды қайта қосу үшін, «Старт» батырмасын тағы басыңыз.

 *«ЙОГУРТ», «МАКАРОНДАР» және «ЖЕДЕЛ» бағдарламаларын қолданған жағдайда автожылыту функциясы қосылмайды.*

Тағамдарды қыздыру

MIDEA M25 мультиқазанымен мұздай тағамдарды қыздыруға болады. Ол үшін:

1. Азық-түлікті тостағанға салыңыз, оны мультиқазанның корпусына орнатыңыз.
2. Қақпағын жауып, аспапты электр желісіне қосыңыз.
3. **«Болдырмау/Қыздыру»** батырмасын басыңыз. Дисплей бетінде сәйкес индикаторлар жанады. Таймер қыздыру уақытының тікелей санағын бастайды.

Аспап тағамды 70-75 °C-қа дейін қыздырады және 24 сағат бойы ыстық күйінде сақтап тұрады. Қажет жағдайда қыздыруды **«Болдырмау/Қыздыру»** батырмасын сәйкес индикаторлар өшкенше басып, тоқтатуға болады.




Мультиқазан автожылыту және қыздыру функцияларының арқасында тағамды 24 сағатқа дейін ыстық күйде сақтап тұра алады, алайда тағамды 2-3 сағаттан артық ыстық күйінде сақтауға кеңес береміз, себебі бұл кейде дәмдік сапасының өзгеруіне алып келуі мүмкін.


«МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» функциясы

Жаңа «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» функциясымен аспаздық шығармашылыққа көбірек мүмкіндік ашыңыз! «МУЛЬТИАСПАЗ» бағдарламасы бағдарлама жұмысының параметрлерін енгізуге іске қосар алдында ғана мүмкіндік берсе, «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» функциясын қолданғанда параметрлерін ас дайындау барысында өзгертуге болады.

Кез-келген бағдарламаның жұмыс параметрін қалауыңызға сәйкес кез-келген уақытта өзгерте аласыз. Сорпа қайнап жатыр ма? Сүт ботқасы тасып жатыр ма? Азық-түлік буға ұзақ дайындалып жатыр ма? Бағдарлама жұмысын тоқтатпай, температурасын немесе дайындалу уақытын пеште немесе плитада дайындағандай өзгертіңіз.


 «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» функциясы «ЙОГУРТ» және «ЖЕДЕЛ» бағдарламаларын қолданған кезде қосылмайды.

«МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» функциясын қолданарда температура өзгерісі 35 тен 160 °C аралығында 1 °C қадаммен өзгере алады. Минималды дайындау уақыты -1 минут, максималды дайындау уақыты таңдалған бағдарламаға байланысты, аралығы – 1 минут.

 «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» функциясы түрлі дайындау бағдарламасын қажет ететін, күрделі рецепт бойынша ас (мысалы, голубцы тағамы, бефстроганов, сорпа және түрлі рецепт бойынша пасталар, джем және т.б.) әзірлеген кезде әсіресе қолайлы.

Ас дайындау температурасының өзгеруі үшін

1. Дайындау бағдарламасының жұмысы барысында «Темп.» батырмасын басыңыз. Дисплейде температура мәнінің индикаторы жыпылықтайды.
2. Қалаған температураны орнатыңыз. Параметр мәнін көбейту үшін «+» батырмасын, азайту үшін «-» батырмасын басыңыз. Лезде өзгеруі үшін қажетті батырманы басыңыз да, ұстап тұрыңыз. Максималды (минималды) мәнге жеткенде орнату диапазонның басынан басталады.
3. Басқару панелінде батырманы 5 секунд бойы баспаңыз. Өзгерістер автоматты түрде сақталады. Орнатылған температура бағдарламаның жұмысының соңына дейін немесе жаңа өзгерістерге дейін көрсетіліп тұрады.

 Дайындау температурасын 130 °C-тан жоғары орнатқанда, қызып кетуден сақтау мақсатында бағдарламаның максималды жұмыс уақыты екі сағатпен шектеледі.


Дайындау уақытын өзгерту үшін


1. Дайындау бағдарламасының жұмысы барысында «Уақыт» батырмасын басыңыз. Уақыт индикаторында сағат мәнінің индикаторы жыпылықтай бастайды. Әдеттігі температура мәні көрінеді.
2. Қалаған дайындау уақытын орнатыңыз. Сағат мәнін көбейту үшін «+» батырмасын, азайту үшін «-» батырмасын басыңыз.
3. «Уақыт» батырмасын қайтадан басыңыз және минут мәнін «+» немесе «-» батырмаларының көмегімен орнатыңыз. Сағат пен минут мәндерінің өзгеруі бір-біріне тәуелсіз түрде орындалады. Максималды мәнге жеткенде орнату диапазонның басынан басталады. Лезде өзгеруі үшін қажетті батырманы басыңыз да, ұстап тұрыңыз.
4. Басқару панелінде батырманы 5 секунд бойы баспаңыз. Өзгерістер автоматты түрде сақталады.



Егер дайындау уақыты мәнін 00:00 етіп орнатсаңыз, бағдарлама жұмысы тоқтатылады.

Автоматты бағдарламаларды қолданарда жалпы іс-әрекет тәртібі


1. Қажетті ингредиенттерді дайындаңыз (өлшеңіз).
2. Мультиқазан тостағанына ингредиенттерді дайындау бағдарламасына сәйкесі орналастырыңыз да, аспаптың корпусына салыңыз. Барлық ингредиенттердің, сұйықтықты қосқанда, тостағанның ішкі бетіндегі максималды белгіден төмен орналасуын қадағалаңыз. Тостағанның қисаймай, қыздыру элементімен толық жанасып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Мультиқазан қақпағын шерт өткенше жабыңыз. Аспапты электр желісіне қосыңыз.
4. Дайындау бағдарламасын таңдау үшін басқару панелінде сәйкес батырманы басыңыз. Батырма қасындағы индикатор жанады. Дисплей бетінде әдеттегі дайындау уақыты мәні және  индикаторы пайда болады. «МУЛЬТИАСПАЗ» бағдарламасын таңдағанда да дисплей бетінде әдеттегі температура мәні шығады.
5. Қажет жағдайда әдеттегі бекітілген дайындау уақытын өзгертіңіз (13-бет).


 Сондай-ақ «МУЛЬТИАСПАЗ» бағдарламасында тағам дайындауда қалаған температураны орнатуға болады. Температураны өзгерту үшін «Темп.» батырмасын басыңыз және қалаған мәнді орнатыңыз. «+» батырмасын мәнді жоғарылату үшін, «-» азайту үшін қолданыңыз.

6. Қажет болған жағдайда стартты кейінге қалдыру уақытын орнатыңыз (14-бет).
7. Бағдарламаны қосу үшін «Старт» батырмасын басыңыз, автожылыту индикаторы жанады (егер бұл функция қосылған болса). Дайындалу уақытының кері санағы таңдалған дайындау бағдарламасына байланысты «Старт» батырмасын басқаннан бастап немесе тостағандағы қажетті температураға жеткен кезде басталады.

 «МАКАРОНДАР» бағдарламасында дайындау уақытының кері санағы тостағандағы су қайнаған соң, азық-түлік слаган соң және «Старт» батырмасын қайта басқан соң басталады.


Қажет жағдайда автожылыту функциясын «Старт» батырмасын басу арқылы алдын-ала өшіруге болады, сәйкес индикатор өшеді. «Старт» батырмасын тағы басу осы функцияны қайтадан қосады.

8. Бағдарламаның аяқталғаны жайлы сізді дыбыстық сигнал хабарландырады, дисплей бетінде End жазбасы шығады, аспап күту режиміне ауысады. Егер автожылыту функциясы қосылып тұрған болса, аспап дайын тағамның температурасын сақтап тұру режиміне өтеді (дисплей бетінде  индикаторы жанып тұрады).
9. Енгізілген бағдарламаны болдырмау үшін, автожылыту немесе ас дайындауды тоқтату үшін «Болдырмау/Қыздыру» батырмасын басыңыз.


 Нәтиженің сапалы шығуы үшін MIDEA M25 мультиқазанымен қоса берілген, осы моделі үшін арнайы шығарылған азпаздық кітапта берілген тағам әзірлеу жөніндегі рецепттерді қолдануды ұсынамыз. Сондай-ақ сіз сәйкес рецепттерді www.midea.com сайтынан таба аласыз.


«МУЛЬТИАСПАЗ» бағдарламасы

Бұл бағдарлама қолданушының орнатқан дайындау уақыты мен температурасы бойынша тағам дайындауға арналған. «МУЛЬТИАСПАЗ» бағдарламасының арқасында MIDEA M25 мультиқазаны бірқатар ас үй аспаптарының жұмысын атқара алады және ескі ас үй кітаптарынан табылған немесе интернеттен алынған кез-келген қызықтырған рецепт бойынша тағам дайындауға мүмкіндік береді.

 Егер тағам дайындау температурасы 80 °C-тан аспаса, автожылыту функциясын қолдану ұсынылмайды.


«МУЛЬТИАСПАЗ» бағдарламасында әдеттегі тағам дайындау уақыты – 30 минут, дайындау температурасы – 100 °C. Бағдарламада температураны қолдан орнату диапазоны – 35-160 °C, өзгерту қадамы – 5 °C. Уақытты қолдан орнату диапазоны 2 минут пен 12 сағат аралығын құрайды, 1 минут қадамымен.

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Температура 130 °C-тан жоғары орнатылса, қауіпсіздік мақсатында тағам дайындау уақыты екі сағатпен шектеледі.

 «МУЛЬТИАСПАЗШЫ» бағдарламасында көптеген түрлі тағам дайындау мүмкіндігі бар. Кәсіби мамандарымыз ұсынған, бірге берілген азпаздық кітаптағы рецептерді немесе арнайы кестеде ұсынылған түрлі температурадағы тағамдар мен өнімдер дайындауға пайдаланыңыздар. Сіз сонымен қатар, қажет рецептерді www.midea.com сайтынан таба аласыз.

«ЖЕДЕЛ» бағдарламасы

Бағдарлама күріш пен ботқаны суда дайындау үшін арналған. Бағдарламада су толық қайнаған соң автоматты түрде өшуі қарастырылған. Бұл бағдарламада дайындау уақытын қолмен орнату мүмкіндігі, сонымен қатар «Стартты кейінге қалдыру» функциясы, «Автожылыту» функциялары жоқ. Бағдарламаны күту режимінде қосу үшін «Старт» батырмасын басыңыз.

 Сонымен қатар, «ЖЕДЕЛ» бағдарламасын таңдауға олады, ол үшін басқару панелінде сәйкес батырманы басып, сосын «Старт» батырмасын басу керек.

«НАН» бағдарламасы

Бидай ұндарынан және қара бидай ұнының қосылуымен түрлі нан пісіру үшін ұсынылады. Бағдарламада қамырдың ашытылуынан бастап піскенге дейінгі толық циклі қарастырған. Бағдарламада әдеттегі дайындау уақыты – 3 сағат. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар. Оның диапазоны 10 минуттан 4 сағата дейін, қадамы 5 минут.

Бұл бағдарламада «Автожылыту» функциясы бойынша максималды жұмыс уақыты үш сағатпен шектелген.

«Стартты кейінге қалдыру» функциясын қолдану ұсынылмайды, өйткені бұл пісіру сапасына әсер етуі мүмкін.

 Өнімдерді орналастыру кезінде тостаған көлемінің жартысынан аспауын қадағалаңыз.

Дайындау уақытын 1 сағаттан көм орнатқанда «Старт» батырмасын басқан соң пісіру процесі басталады. Мультиқазанның қақпағын қамыр ашыту уақытында ашпаңыз! Пісетін өнімнің сапасы осыған байланысты болады.

Бағдарлама жұмысының бірінші сағаты ішінде қамырдың ашытылуы жүреді, содан соң пісірілетінін ескереміз. Бағдарламаны әдеттегі параметрлер бойынша іске қосқанда 2 сағат өткен соң аспап дыбыстық сигнал береді. Сонда мультиқазан қақпағын ашып, нанды аударыңыз. Егер бағдарлама параметрлеріне өзгерістер енгізілген болса, дыбыстық сигнал берілмейді.

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспаптан нанды алу үшін ас үй қолғабын пайдаланыңыз.

Ұнды қолданбас бұрын, оның оттегімен қанығуы үшін және қоспалардан тазарту үшін, оны алдымен елеуіштен өткізу керек. Дайындау уақытын азайту үшін және оны жеңілдету үшін, нан дайындауға арналған дайын қоспаларды қолдануды ұсынамыз.

«БУҒА» бағдарламасы

Көпқұрамды тағамдарды, етті, құсты, балықты, көкөністерді буға дайындау үшін арналған. Бағдарламада әдеттегі дайындау уақыты 35 минутты құрайды. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, диапазоны 5 минуттық қадам сайын 5 минут пен 2 сағат аралығын құрайды. Бұл бағдарламада дайындау үшін арнайы контейнер қолданыңыз (жинаққа кіреді).

 *«БУҒА» бағдарламасы жұмысының кері санағы, су қайнаған соң және тостағанда жеткілікті бу тығыздығы пайда болған соң басталады.*


«ҚАЙНАТУ» бағдарламасы

Бағдарлама көкөніс пен бұршақ тұқымдастарын дайындау үшін арналған. Әдеттегі дайындалу уақыты 40 минут. Уақытты қолдан орнату диапазоны 5 минут қадам сайын 10 минут пен 8 сағат аралығын құрайды.

«МАКАРОНДАР» бағдарламасы


Бағдарлама судың қайнауына жетуін, өнімдерді орналастыруды және ары қарай дайындалуын қарастырған. Судың қайнағанын және азық-түліктерді орналастыру керектігін дыбыстық сигнал хабарлайды. Дайындау уақытының кері санағы «Старт» батырмасын қайталап басқан соң басталады.

Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 8 минут. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, оның диапазоны 1 минут қадам сайын 2 минут пен 1 сағат аралығын құрайды. «Автожылыту» және «Стартты кейінге қалдыру» функциялары бұл бағдарламада жоқ.

 *Кейбір өнімдерді дайындау барысында (мысалы, макарондар, тұшпара және т.б) көбік пайда болады. Оның тостағаннан төгілуін алдын алу үшін, қайнаған суға өнімдерді орналастырған соң, бірнеше минуттан кейін, қақпақты ашуға болады.*

«ҚУЫРУ» бағдарламасы

Көпқұрамды тағамдарды, етті, құсты, балықты қуыруға арналған. Өнімдерді қақпағын ашып қуыру ұсынылады. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 18 минут. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, оның диапазоны 1 минут қадам сайын 5 минут пен 2 сағат аралығын құрайды. «Стартты кейінге қалдыру» функциясы бұл бағдарламаларда жоқ.

 *Ингредиенттердің күйіп кетпесі үшін рецепттер кітабының нұсқаулықтарын орындаңыз және тостағандағы өнімді қайта-қайта араластырып тұруыңызды ұсынамыз. «ҚУЫРУ» бағдарламасын қайта қолдану алдында, құрылғы толығымен суысын.*

«ПІСІРУ» бағдарламасы

Ашытылған қамырдан кекстер, көмештер, бәліштер дайындау үшін арналған. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 1 сағат. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, оның диапазоны 5 минут қадам сайын 10 минут пен 4 сағат аралығын құрайды.



Бисквиттің дайын болғанын ағаш таяқша (тіс шұқығыш) тығып көру арқылы анықтауға болады. Оны шығарғанда жабысқан қамыр болмаса, онда бисквит дайын.

Пісіру кезінде автожылыту функциясының өшірілген болуы керек. Дайын өнімді піскеннен кейін мультиқазаннан лезде шығарыңыз, ылғада-нып қалмасы үшін. Егер ол мүмкін болмаса өнімді мультиқазанда автожылытуды қосып, аз уақытқа қалдыруға болады.

«БҰҚТЫРУ» бағдарламасы

Қуырдақ, гуляш және рагу дайындауға арналған бағдарлама. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 50 минут. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, оның диапазоны 5 минут қадам сайын 10 минут пен 12 сағат аралығын құрайды.

«СОРПА» бағдарламасы

Еттен, балықтан, құстан, көкөністен сорпа және тұздықтар дайындау үшін арналған бағдарлама. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 40 минут. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, диапазоны 5 минут қадам сайын 10 минут пен 8 сағат аралығын құрайды.

«ЙОГУРТ» бағдарламасы

Қамыр ашытқыларын және үй йогуртын дайындауға арналған. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 8 сағат. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, оның диапазоны 5 минут қадам сайын 10 минут пен 12 сағат аралығын құрайды. Ингредиенттерді орналастырғанда тостаған көлемінің жартысынан аспауын қадағалаңыз. Бұл бағдарламада автожылыту жоқ.

«КҮРІШ/ЖАРМА» бағдарламасы

Бағдарлама түрлі жармаларды, гарнирлерді, сонымен қатар бытырап піскен ботқаларды суда қайнату үшін арналған. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 25 минут. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, оның диапазоны 1 минут қадам сайын 5 минут пен 4 сағат аралығын құрайды.

«ПИЦЦА» бағдарламасы

Бағдарлама ет, ірімшік, құс және тағы басқа да салма қосылған пицца дайындауға арналған. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 10 минут. Уақытты қолдан орнату диапазоны 5 минут қадам сайын 10 минут пен 1 сағат аралығын құрайды.

«СҮТ БОТҚАСЫ» бағдарламасы

Бағдарлама пастерленген сүттен ботқа жасау үшін арналған. Бағдарламаның әдеттегі дайындалу уақыты 25 минут. Уақытты қолдан орнату диапазоны 1 минут қадам сайын 5 минут пен 4 сағат аралығын құрайды.

Сүттің қайнап кетпеуінің алдын алып, қалаған нәтиже алу үшін, дайындау алдында мына әрекеттерді орындаған жөн:

- Тұтас дәнді жармаларды (күріш, қарақұмық, тары т.б.) жуғандағы аққан суы мөлдір болғанша мұқият жуу керек;
- Дайындамас бұрын мультиқазан тостағанын сұйық маймен жағып шығу керек;
- Ингредиенттерін өлшеп отырып, пропорцияларын рецепттер кітабында көрсетілгендей қатаң түрде сақтау керек (ингредиенттерді қатаң пропорция бойынша азайту немесе көбейту);
- Қаймағы алынбаған сүт қолданған жағдайда оны 1:1 пропорцияға сәйкес сумен араластыру керек.



Сүт пен жарма өндіруші және өндірілген жерге байланысты ерекшеленеді, бұл кейде дайындау нәтижесіне де әсер етеді.



«СҮТ БОТҚАСЫ» бағдарламасы бойынша қалаған нәтиже шықпаған жағдайда өмбебап «МУЛЬТИАСПАЗ» бағдарламасын қолданыңыз. Сүт ботқасының дайындалу температурасы 95 °C құрайды. Ингредиенттер саны мен дайындалу уақытын рецепт бойынша орнатыңыз.

«ПАЛАУ» бағдарламасы

Бағдарлама әр түрлі палау дайындауға арналған. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 30 минут. Уақытты қолдан орнату мүмкіндігі бар, оның диапазоны 5 минут қадам сайын 10 минут пен 2 сағат аралығын құрайды.

«ДЕМДЕУ» бағдарламасы

Бағдарлама бұқтырылған ет, сирақ етін, пісірілген сүт дайындау үшін арналған. Бағдарламада әдеттегі дайындалу уақыты 3 сағат. Уақытты қолдан орнату 10 минут қадам сайын 10 минут пен 12 сағат диапазонында мүмкін болады.



Егер автоматты бағдарламаларды қолданудан қалаған нәтиже шықпаса, «Дайындау жөніндегі кеңестер» бөлімін оқыңыз, ол жерден жиі қойылатын сұрақтарға жауап және қажет ұсыныстарды таба аласыз.

VII. ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Ақаулық	Ықтимал себептері		Жою тәсілдері
Дисплей бетінде қате туралы хабарлама шықты: E1-E4	Жүйелік қате, басқару тақтасының немесе қыздыру элементінің істен шыққан болуы мүмкін		Аспапты электр желісінен ажыратыңыз, суытып қойыңыз. Қақпағын тығыздап жабыңыз да, аспапты электржелісіне қайта қосыңыз
Аспап қосылмай жатыр	Қуат сымы электркезіне немесе құрылғыға қосылмаған болуы мүмкін		Алынбалы қуат сымы аспаптың сәйкес қосқышына және розеткаға қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз
	Электр розеткасында ақаулық бар		Аспапты жарамды розеткаға қосыңыз
	Электр розеткасында тоқ жоқ		Электр желісінде кернеудің бар екенін тексеріңіз, егер ол болмаса үйіңізге қызмет көрсететін мекемеге хабарласыңыз
Тағам тым ұзақ дайындалып жатыр	Электр желісінде кідіріс бар (тоқ кернеуінің деңгейі тұрақты емес немесе қалыптан төмен)		Электр желісінде қалыпты кернеудің бар екенін тексеріңіз, егер ол тұрақты емес немесе қалыптан төмен болса, үйіңізге қызмет көрсететін мекемеге хабарласыңыз
	Тостаған мен қыздыру элементінің арасына бөгде зат түскен (тамақ ұсақтары, жарма, қоқыс)		Электраспабын өшіріп, суытып қойыңыз. Бөгде заттарды, бөлшектерді алып тастаңыз
	Тостаған мультиқазан корпусына тегіс орнатылмаған		Тостағанды қисайтпай, түзу орналастырыңыз
	Қыздыру дискісі тым ластанған		Электраспабын өшіріп, суытып қойыңыз. Қыздыру дискісін тазалаңыз
Дайындау барысында қақпақ астынан бу шығып жатыр	Мультиқазанның тостағаны мен ішкі қақпағының арасындағы байланысының бітеусіздігі бұзылған	Тостаған құрылғының корпусына тегіс орнатылмаған	Тостағанды қисайтпай, түзу орналастырыңыз
		Қақпақ тығыз жабылмаған немесе қақпақ астына бөгде зат түскен	Қақпақ пен аспап корпусының арасында бөгде заттардың жоқтығын тексеріңіз (тамақ ұсақтары, жарма, қоқыс), болса алып тастаңыз. Мультиқазанның қақпағын әрқашан шерт еткенше жауып жүріңіз
		Ішкі қақпақтағы тығыздағыш резеңке қатты кірленген, зақымданған немесе деформацияланған	Аспаптың ішкі қақпағындағы тығыздағыш резеңкенің жағдайын тексеріңіз. Мүмкін оны ауыстыру керек.



Мультиварка MD-M25

Руководство по эксплуатации




Прежде чем использовать данное изделие, внимательно прочитайте руководство по эксплуатации и сохраните его в качестве справочника. Правильное использование прибора значительно продлит срок его службы.

Меры безопасности

- Производитель не несет ответственности за повреждения, вызванные несоблюдением требований по технике безопасности и правил эксплуатации изделия.
- Данный электроприбор представляет собой многофункциональное устройство для приготовления пищи в бытовых условиях и может применяться в квартирах, загородных домах, гостиничных номерах, бытовых помещениях магазинов, офисов или в других подобных условиях непромышленной эксплуатации. Промышленное или любое другое нецелевое использование устройства будет считаться нарушением условий надлежащей эксплуатации изделия. В этом случае производитель не несет ответственности за возможные последствия.
- Перед подключением устройства к электросети проверьте, совпадает ли ее напряжение с номинальным напряжением питания прибора (см. технические характеристики или заводскую табличку изделия).
- Используйте удлинитель, рассчитанный на потребляемую мощность прибора, – несоответствие параметров может привести к короткому замыканию или возгоранию кабеля.
- Подключайте прибор только к розеткам, имеющим заземление, – это обязательное требование защиты от поражения электрическим током. Используя удлинитель, убедитесь, что он также имеет заземление.

STOP **ВНИМАНИЕ!** Во время работы прибора его корпус, чаша и металлические детали нагреваются! Будьте осторожны! Используйте кухонные перчатки. Во избежание ожога горячим паром не наклоняйтесь над устройством при открывании крышки.

- Выключайте прибор из розетки после использования, а также во время его очистки или перемещения. Извлекайте электрошнур сухими руками, удерживая его за штепсель, а не за провод.
- Не протягивайте шнур электропитания в дверных проемах или вблизи источников тепла. Следите за тем, чтобы электрошнур не перекручивался и не перегибался, не соприкасался с острыми предметами, углами и кромками мебели.

 **ПОМНИТЕ:** случайное повреждение кабеля электропитания может привести к неполадкам, которые не соответствуют условиям гарантии, а также к поражению электротоком. Поврежденный электрокабель требует срочной замены в сервис-центре.

- Не устанавливайте прибор на мягкую поверхность, не накрывайте его во время работы – это может привести к перегреву и поломке устройства.
- Запрещена эксплуатация прибора на открытом воздухе – попадание влаги или посторонних предметов внутрь корпуса устройства может привести к его серьезным повреждениям.
